

С.Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 15: Жастар, ғылым, технологиялар: жаңа идеялар мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 15: Молодежь, наука, технологии – новые идеи и перспективы», приуроченной к 125-летию С.Сейфуллина. - 2019. - Т. II, Ч 1 - Б.59

## ӘЛЕМНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

*Серік А.*

«Әлем бейнесі» термині XIX-XX ғасырлар аралығында физика ғылымының шеңберінде пайда болды. Біріншіден, әлем бейнесінің мәселесі үлгілеуші жүйелерді (тілді) зерделеп, екіншіден (миф, дін, фольклор, поэзия, кино, кескіндеме, сәулет) т.б. қарастыра бастады.

Әлем бейнесі – адам санасының шынайылығы. «Шынайы бейнедегі әлемді түсіну үшін адам белгілі бір дәрежеде барабар әдіспен әлемнің қарапайым әрі анық бейнесін жасауға тырысады. Мұнымен суретші, ақын, теориямен айналасатын философ және т.б. өзінше айналысады. Осы бейнеге және оны әрлеу үшін адам өзінің рухани өмірінің бар салмағын, барлық күшін салады...» [1].

Әр халықтың дүниетанымы әлем бейнесінде жинақталады: «Әр өркениет, әлеуметтік жүйе әлемді қабылдаудың өзіндік ерекше тәсілдерімен сипатталады» [2].

Айтарлықтай, әлемнің жалпы бейнесі де, тілдік бейнесі де адамның әлем туралы түсінігін зерделеуге арналған. Әлемнің бейнесі – «орта мен адам туралы ақпаратты қайта өңдеудің нәтижесі» дейміз. Олай болса, адам өзінің әлем жайлы түсінігінен тыс жатқан құбылыстар мен заттарды елемеге бейімделген [3].

Әлемнің тілдік бейнесі әлемнің арнайы бейнелерімен (химиялық, физикалық және т.б.) қатарлас емес, ол бұлардың негізін салушы және қалыптастырушы деуге болады. Өйткені адам жалпы адамзаттық және ұлттық қоғамдық-тарихи тәжірибеге негізделген тілдің арқасында әлемді және өзін-өзі түсінуге қабілетті. Әлемнің тілдік бейнесі адамның әлемге (табиғатқа, жануарларға, әлемнің элементі ретінде өзіне) деген қатынасының үлгісін қалыптастырады. Ол адамның әлемдегі әрекетінің нормаларын ұсынады, оның әлемге деген қатынасын анықтайды.

Сонымен, тілдің қызметі тек хабарлама беруде ғана емес, бәрінен бұрын жеткізетін ақпаратты өзінше ұйымдастыруда.

Осыған орай айта келе, әлемнің ғылыми бейнесі үнемі жаңарып тұрады, себебі әлемді тану барысында қалыптасқан ұғымдар мен түсініктерге үнемі түзетулер енгізіліп, пікірлер, көзқарастар, гипотезалар өзгереді, сондықтан әлемнің концептуалды бейнесі әрдайым жаңарып отырады.

## Әдебиеттер тізімі

1. Эйнштейн А. Собрание научных трудов.- М.: Наука, 1967. 250 с.
2. Гуревич П.С. Философия культуры - М.: Аспект Пресс, 2004 - 314 с.
3. Цивьян Т.В. Лингвистические основы балканской модели мира - М.: Наука, 1990. - 203 с.
4. .Rezuanova G.K., Tuksaitova, Albekova, Muratbekova, Omarova. Management of students philologists professional competence formation// International Journal of Academic Research Part B; 2014; 6(6), 541-536. DOI: 10.7813/2075-4124.2014/6-6/B.79

*Ғылыми жетекшісі: З.К.Құрманова, филол.ғ.к*